

**«Жалпыадамзаттық
құндылықтар-мектептің
біртұтас педагогикалық
үдерісінің негізі»**

Дайындаған:

Мақсаты:

- ▣ **Жалпыадамзаттық құндылықтар туралы терең мәлімет бере отырып, сүйіспеншілікпен риясыз қызымет етуге шақыру. «Өзін-өзі тану» пәні мен басқа пәндердің ықпалдасуының білім беру мен бала тәрбиесіндегі маңыздылығын ұғындыру.**

Жоспар:

- ▣ 1. Рухани-адамгершілік білім бағдарламасының педагогикалық-психологиялық негіздері.
- ▣ 2. Қазіргі білім әлеміндегі басымдылық жанды, жансыз білім.
- ▣ 3. «Өзін-өзі тану» және басқа пәндердің интеграциясы, рухани-адамгершілік білім берудегі мұғалімнің рөлі.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Тыныштық сәті. Нұрға бөлену.


- Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды аяқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін.
- Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты.
- Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарды. Олар нұр мен махаббат құралына айналды.
- Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге де жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді.
- Нұр бірте-бірте қарқын және шұғылана бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын.
- Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын... Ғаламның барлық түпкір-түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен Нұрмын».
- Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз...
- Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.
- Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет!



Сенімділік орнату.

- ▣ Мұғалімдерді бірнеше топқа бөліп, кесеге су құйылған ыдысты бастарына қойып жүргізу.

Сократ



«Бұл дүниеде адамға пайдасы аз зат дегенің көп екен ғой! Жұрт базарға келіп, қымбат нәрселер сатып алады, сонымен рахатқа бөленеді. Ал мен рахатты өзімнің ақыл-ойымнан тегін алам» – депті.

Сана туралы...

**Сана-ой елегінен өткен білім,
болып жатқан оқиғаларды ой елегі
арқылы қабылдау деуге болады.
Мұны басқаша айтқанда: бұл-өз
жағдайыңды түсіну, өз қимылыңды
басқара білу, сондай ақ өз сезімдерің
мен ойларыңды бақылау.**

Сананың бүлінуі

Сананың бүлінуі-орталық жүйке жүйесінің зақымдануынан туындайтын психикалық ауру адамның миы әр түрлі ауруларға байланысты ауруға шалдығуы мүмкін. Ми зақымданған кезде оның жоғары жүйке қызметі өзгеріске ұшырайды. Адамның қабылдауы, ойлауы, көздеген әрекеті бұзылады.

САНАНЫ ТАЗАРТУ ЖОЛДАРЫ:

- ❑ Миды қоқыстан тазарт. Жаман ештеңе ойлама. Ешкімге жамандық ойлама. Дұшпаныңа да.
- ❑ Ми мен сананы қоқыстан тазарту арқылы орасан зор жетістіктерге жетуге болады.
- ❑ Санаң тек сергек, сезімге толы ойлардан тұрсын. Сана сергек болса, қатерлі деген дерттің өзін жеңіп шығуға болады.
- ❑ Өзіңді жақсы көр, өзіңді жақсы көрмесең, өзгелер де сені жақсы көрмейді.
- ❑ Әр күнді “бүгін не тындырамын” деп бастап, “не тындырдым” деп аяқта.
- ❑ Өзіңді бай-бақуатты адамдай ұста. Көп оқып, көп үйрен. Білгенінді үйрет. Күліп жүр.
- ❑ Жағдайың нашар болса да бәрі жақсы, бақытты адамның образына ен. Шын мәнінде бақытты боласың. Бақытты бол! Сен соған лайықсың!

“Кім жылдам” ойыны

Бұл суреттердің айырмашылығы неде?



1-сурет



2-сурет

Бірінші сурет – өзара байланысы жоқ, қозғалмайтын, жансыз, фрагменттерге бөлінген әлем. Қазіргі білім беруде әлем тура осылай көрініс береді: барлығы абстрактылы, өмірмен өзара байланыспаған. Математика бөлек, физика бөлек, биология бөлек, өмір, мейірімділік, сүйіспеншілік, өзара қайырымдылық көмек бөлек...

Екінші сурет – тірі, мейірімді, сүйіспеншілікке бөленген біртұтас әлем. Біздің балаларымыз білім беру үдерісінде әлемнің осындай көрінісін танығысы келеді. Олар бір-біріне қызмет етуде, іс-әрекеттерінде өзара байланысқан, бірліктегі, яғни жанды білім күтеді.

Білім берудің екі аспектісінің үйлесімді дамуы:

- Интеллектуалды білім (сыртқы білім ақыл үшін.)
- Рухани – адамгершілік (ішкі білім, жүрек үшін)
- Сыртқы ықпалдастыру (өзін - өзі тану пәнінің әдістерін қолдану)
- Ішкі ықпалдасу (дүниетанымды, мәнді, мағыналы)

География пәні: Су.

- Судың адам өміріндегі тазалық символы екендігі, адамды рухани - адамгершілік тұрғыдан су арқылы жуып - тазалауға болатынын көруге болады.
- Бүкіл әлемнің зердесі бар, бүкіл әлемдегі әрбір атом бөлшегінің өзіндік сана - сезімі бар. Адам ғана сана - сезімнің иесі емес, әлемдегі табиғаттың, яғни жан – жануарлар, өсімдіктер мен материяның бәрінің де сана – сезімі бар екендігі даусыз.

Мұғалімнің рөлі

Педагогтың үш стилі

- 1. Авторитарлық стиль (өктемдік):** Мұғалім өзі айтады, өзі түсіндереді. Мұғалім оқушыларға қатал болады. Өктемдік көрсеті арқылы білімді талап етеді. Бұл жерде педагог жоғары ал оқушы төменгі сатыда болады.
- 2. Либеральдық стиль:** Әр нәрсені айтып, бәрін дұрыс деу. Педагогтар үшін ешқандай мақсат-мүдде болмайды, яғни тек қана дәрісін өткізсе болды, басқаға бас ауыртпай жүретіндер.
- 3. Ізгілік стиль:** Бұл педагогтар шәкірттерін адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелейді.

Мұғалімдерге арналған екі ереже

1.Басқаға үйреткеніңізді алдымен өзіңіз орындаңыз.

2.Бірінші ережеге қара.

Бала мұғалімге айтады

Егер айтып берсең, ұмытамын.

Егер көрсетсең мүмкін есіме сақтаймын

**Егер еліктіре тартсаң, расымен,
ұмытпаймын.**

Бейнекөрсетілім: «Звездочка на земле»

- Бейнефильм бойынша сұрақтар:
- Бейнефильм сізге қалай әсер етті?
- Бейнефильмнен өзіңіздің бейнеңізді көре алдыңызба?
- Қай ұстаздың еңбегін бағалар едіңіз?
- Ишан сияқты оқушылар өз сыныбыңызда барма?
- Өзіңнің әрекетінді ортаға сал.



Шығармашылық іс-әрекет топтық жұмыс.

- Қылқалам сөйлейді
- Баяу музыка жүріп тұрады , ішкі тыныштықта ұжыммен үндесіп жұмыс жасау тапсырылады.



Топпен ән айту

«Сен маған сүюді үйреттің»

Әні: Ербол Байырбеков

Сөзі: Ақмарал Леубаева

Соңғы тыныштық сәті

Ыңғайланып отырыңыздар, көзімізді жұмайық!

**Бүгінгі семинардан алған әсерлеріңізді, барлық
ізгілікті қасиеттер мен іс-әрекеттерді
жүректеріңізге түйіп алыңыздар!**

**Тыныштық, Тыныштық, Тыныштық бар
жерде!**

**Тыныштық, Тыныштық, Тыныштық бар
әлемде!**

Рақмет, көзімізді ашайық, сау болыңыздар!

